



EGEMEN QAZAQSTAN

Қаламгер лабораториясы: тұтастық пен бітім

Азияның ең қарымды деген қаламгерлері ерке Есілдің жағасындағы еңселі елорда төрінде осымен екінші күн қатарынан әдебиет төңірегіндегі мәселелерді қызу талқылау үстінде. Қазақстан Жазушылар одағының бастамасымен қолға алынған игі шараның келелі табыстарға жеткізетінін форумға арнайы шақырылған құрметті қонақтар да, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев та шараның ашылу салтанатында кең көлемде айтып өтті. «Алдымен, Азия қаламгерлері форумы шығармашыл қауымның маңызды диалог алаңына айналуы керек. Бұл маңызды шара Азия елдерінде тұрақты түрде өтуі қажет деп санаймын. Адамзатты толғандырған күрделі мәселелер дәл осындай алаңдарда ортаға салынуы тиіс. Азияны бүкіләлемдік рухани даму орталығы ретінде дамыту айрықша маңызды. Сондықтан әдеби үдерістерді жаңғырту үшін жағдай жасау – басты міндеттердің бірі», деді Президент Қ.Тоқаев. Шынымен де, әдеби дискуссиялар ақпарат тасқындап тұрған алмағайып шақта аса қажет. Азия елдері қаламгерлерінің тұңғыш форумы ЭКСПО қалашығының Номад Сити Холл сарайында жалғасын тапты. TED форматындағы «ASIAN LitTALKS» форсайт-сессиясында есімдері әлемге танымал әйгілі ақын-жазушылар «Қаламгер лабораториясы» тақырыбында лекция оқыды.

Форсайт-сессия барысында Түркия, Ресей, Сауд Арабиясы, Моңғолия, Иордания, Кувейт, Әзербайжан секілді мемлекеттерден келген әдебиетшілер өздерінің қаламгерлік шеберханасы туралы ойларын тарқатты. Баяндамашылардың көшін бастаған «Алтын қауырсын» ұлттық жүлдесінің иегері, моңғолиялық танымал ақын әрі жазушы Гун Ажавын Аюрзана болды. Баяндамашы әдеттегіден бөлек, сахнада малдас құрып отырып әңгіме өрбітті. Ақынның ол мінезінен көшпенділердің рухын сезінген қазақ, қырғыз жазушылары сүйсіне қабылдады.

Гун Ажавын Аюрзана өз сөзінде жазушылықтың мехнатты жұмысы, аз жазу мен көп жазудың аражігіне тоқталды. «Мен сіздермен өз тәжірибеммен бөліскім келеді. Себебі біз бәріміз жалғызбыз. Сондықтан қаламгерде жазудан басқа таңдау жоқ. Әлемде күніне 2000-3000 сөз жазатын жазушылар бар. Мен де осыған өзімді дағдыландырып жүрмін. Жас кезімде көп жазатын жазушыны мойындағым келмейтін. Себебі ол мықты жазушы емес, тек еңбекқор жазушы деп ойлайтынмын. Кейін бұл ойымның қате екенін түсіндім. Қазір мен өз елімде көлемді роман жазатын жазушы ретінде танымалмын. Сондықтан жазушыға тәртіппен, яғни жүйемен жұмыс жасау керек», деді моңғолиялық қаламгер.

Келесі кезекте мінберге көтерілген қазақтың қабырғалы қаламгері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қабдеш Жұмаділов әдебиетті форумдар емес, жазу үстелі жасайтынын айтып бастады. «Ұлт және әдебиет» тақырыбында ой өрбіткен жазушы «Менің ұғымымда ұлттан тыс әдебиет

болмайды. Ұлттан тыс жазушы да болмайды. Өйткені бізге Жаратушы тіл берді, дарын берді. Неге? Өз ұлтыңның мұнын мұндап, жоғын жоқтау үшін берді. Біз бәріміз соған қызмет істеп жүрміз. Әлгінде түрік бауырымыз жақсы бір пікір айтты. «Жазушылар біреуге ұнау үшін жазбау керек». Мен де осы ойды айтқым келеді. Әдебиеті жасайтын форумдар емес, жазу үстелі. Дегенмен, басқосулар керек. Осындай форумдар арқылы жазған әдебиетіміз насихатталады. Басқа тілдерге аударуға мүмкіндік туады. Біз аудармада кенжелеп қалғанбыз», деп өз ойын ортаға салды. Қабдеш Жұмаділов сондай-ақ бүгін де екіжақты пікір айтылып жүрген Шыңғыс ханның шығу тегіне қатысты сөз қозғады. «Біз осы күнге дейін Шыңғыс ханды моңғол деп келдік. Жаңа деректер мен аудармалар оның түркі екенін растап берді. Шыңғыс ханның әйелі қоңырат, төрт ұлының алған келіндері қоңырат, найман, жалайыр, керей секілді түркі тайпаларынан. Нояндарының бәрі түркілер. Осыдан сегіз ғасыр бұрын Бату хан 250 мың қол мен жорыққа аттанды. Ол заманда түркілерден өзге ондай қалың қолды кім шығара алады? Онда моңғолдар шағын ғана тайпа еді. Біздің жиналуымыздың бір мақсаты, шындыққа жақындау. Мені тарихи романдар жазуға итермелеген де осы, ақиқатқа жақындау», деді жазушы Қ.Жұмаділов.

Форсайт-сессияның алғашқы бөлімін де «Түрік поэзиясы мен мәдениетіне қосқан үлесі үшін» марапатының иегері, түркиялық ақын Мехмед Нури Пармақсыз, «Территория» фестивалі аясында Ресей ақындарының патшасы болып таңдалған Дмитрий Воденников, Сауд Арабиясының Мәдениет және өнер комиссиясының төрағасы, Араб елдері поэзия фестивалінің директоры Ахмед әл-Мулла поэзия мен проза жанрларына тоқталып, әлемдік әдебиеттегі құбылыстар жайында сөз етті. Баяндамашылардың барлығы өз ойларын әлемдік тәжірибелермен сабақ тастырып, тыңдармандарды тың ойларға жетелеп отырды. Айталық, Дмитрий Воденников «Поэзия – бұл өткен шақ. Поэзия өткен өмір сүреді, бірақ болашаққа үмітпен қарайды», деп пайымдаса, түрік ақыны Мехмед Нури Пармақсыз «Жазбай және іштегі шерді шығармай, шығармашылық күй кешу дегеніңіз ол – жанымызды денемізбен бірге өлтіру, ал біз үшін абсолютті өмір жолы ол – өлең» деген пайымды ойын ортаға салды. Мағыналы жиын түс әлетінен кейін де жалғасын тапты.

Форсайт-сессияның екінші бөлімін Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, заманымыздың заңғар жазушысы Дулат Исабеков ашты. Жазушы өз сөзін әдебиеттің әңгімесінен бөлек әлемді алаңдатып отырған саяси ахуалдарды көбірек сөз етейік деген үндеумен бастады. «Әлемдік мәселе, ұлттық көзқарас жазушының басты тақырыбы. Адам туғанда әке-шешені таңдап тумайтынындай, туған жерін де таңдау құқығы берілмеген. Бейбітшілік те, соғыс та бір ғана сөзбен шешіледі. Осы жағын ескерейік», деді Д.Исабеков. Жазушы зертханасы жайлы әр қаламгердің пайымы әртүрлі. Мәселен, қазақ тілінің қызғыш құсы ақын Мұхтар Шаханов шығармашылық зертханасын үнемі ұлттық мәселе үшін күресте шыңдағанын айтса, жазушы Жүсіпбек Қорғасбек үлкен әдебиеттердің стандарттарын қабылдау керектігін тілге тиек

етті. «Мәселен, шығыс ежелден миниатюраға жақын. Роман деген оқырманды тартып тұратын магиялық құдіреті бар жанрды алып қараңызшы. Қазір романның көлемі сақталмайтын болды, ендеше неге романға қойылатын шарттар сақталуы керек», дейді Ж.Қорғасбек. Қызықты талқы өз тыңдармандарын еш жалықтырар емес. Ойлар алмасып жатыр, сөздер шарпысып қалған тұстар бар, ең бастысы рухтар үндесіп кеткендей жылылық лебі есуде. Келелі жиынның көздегені де сол болса керек.

Мехмед Нури ПАРМАҚСЫЗ, ақын (Түркия)

Жазу – өмір тынысы

Жазу – ең бірінші өмір сүруден, ұнатудан, сосын барып танылудан тұрса керек. өнер мен әдебиетке ең басты қажет қағида: әрине талант, білім, шеберлікке құштарлық, сосын зор еңбек.

Әдебиет пен өнер жолы – қиын жол. Әркім танымал болғысы және оған біреудің таңданғанын қалайды. Тіпті ғасырлар бойы шығармасы қолдан түспесе де, әр жазушының бұл арманы орындалама жоқ па, ешкім кепілдік бермес еді. Дегенмен, әр қаламгер өзі өмір сүрген дәуір келбе тін жазуы керек. Келесі ғасырға кім жетуі мүмкін? Ең дұрыс шешімді үнемі болашаққа былдайды. Бүгін көп оқылған шығарма ертеңгі күні де өлмес мұра болады деген сөз емес. Түркияның ең танымал ақыны Яхья Кемал айтады: «Адам ойла ғанша өмір сүреді...». Ойлау, талдау және жұмыс... Бұлар жазушы зертханасына міндетті талаптар. Жалпы әдебиет, жазу немесе жаратылыс нені білдіреді? Біз неге жазамыз? Мұның мәні неде? Осы сұрақтарға қысқаша сипаттамалармен жауап берейін: ең әуелі сұлулыққа жету үшін жазамыз. Бұл әдемі анықтаманың метафоралық мағынасы бар. Жазу белгілі бір мағынада, өлмес құндылықтарға апаратын басқа жол... Жазу – бұл өмір тынысы. Адамда екі аспект бар: дене және жан... Жазу – осы екеуінің ортақ жемісі. Дене өледі, ал жан өлмейді. Автор үшін мәңгілік өмір: таланттың, жұмыстың, ізденістің және шығарманың берік үйлесімі. Өнер мен әдебиет – бұл салыстырмалы ұғым. Бірақ көпшілік оны шығармаға айналғаннан кейін ғана бағалайды. Қаламгер бақилық болса да, шығармалары өмір сүруін жалғастыра береді.

Поэзия дегеніміз не? Нақты анықтама жоқ, бірақ миллиондаған анықтамалардың ішіндегі менің сүйікті сөзім: Поэзия – сөзбен әдемі пішіндер құрастыру өнері. Әлі күнге дейін мен жазып жүрген, бірақ жарияламаған өлеңдерім көп. Жоғарыда айтқандарымның бәріне сүйене отырып, менің түйіп айтарым, ақын өмір сүргенін білу үшін жазуы керек... Жазу – тыныс алуға тең келетін құндылық. Жазу – махаббаттың ең үлкені. Бұл баланы дүниеге әкелу сияқты болар еді, бірақ жазбай және шығармай шығарма шылық күй кешу дегеніңіз ол – жанымыз да денемізбен бірге өлу. Ал біз үшін абсолютті өмір жолы ол – өлең.

Ортақ әдеби журнал қажет

Кеңес Одағы заманында Африка-Азия жазушыларының ынтымастық комитеті болған еді. Сонда біз жиналып, сөз бостандығы, тәуелсіздік, халықтардың сана-сезімі жайында жиі айтып, жеңіске жеттік.

Көптеген мемлекет тәуелсіздігін алды. Бұл бүкіл әлемдегі ұлы қозғалыс болатын. Бірақ КСРО күйрегеннен кейін басымызды біріктіретін орган болмады. Осы орайда қазақ бауырларымыз бұл бағытта ілгері жылжып, қуантып отыр. Жаһандану жағдайында бұл өте маңызды. Азия қаламгерлеріне ортақ журнал шығарылса деймін. Онда шығармаларымызды бәрімізге қолжетімді тілде жариялап отырған жөн. Мәселен, ағылшын, орыс және араб тілдерін таңдауға болады. Бұл біздің жас авторларымыздың танымалдылығын арттыруға септігін тигізер еді. Біріктіруші қозғалыс бүгінгі сын-тегеуріндер мен проблемаларды, оның ішінде әлемде орын алып жатқан зұлымдықтар мен қантөгістерді шешу үшін де қажет. Өйткені мұндай терең әрі өткір проблемаларды шешуге рухани дамуғана өз септігін тигізе алады.